

## **Жаңақоныс ауылы**

Жаңақоныс – Сырым ауданы, Сарыой ауылдық округіндегі елді мекен атауы. Ауыл жаңа орынға, жаңа қонысқа салынуына байланысты солай аталады. Бұрынғы атауы 1972 жылға дейін «Социализм» болғанын көбі біле бермейді. Социализмге дейін ол жер «Қоға» деп аталған. Ауылды үлкейтіп жаңадан қоныс аударушылардың келуімен жоғарыдағы атау берілген. Кезінде алып жатқан орында қоға өте көптеп скендіктен ел аузында кең тараған жер атауы болған. Негізінде Мәлке руының Жәдік балалары мекендеген.